



Автор: Злиха Сембаева Асқарқызы

Пән: Қазақстан тарихы


Сынып: 10-сынып

Бөлім: Ұлы Дала көшпенділерінің империялары

Тақырып: Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау; 10.3.2.2 ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау; 10.3.2.3 Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау
Сабақтың мақсаты:	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің алғышарттары мен барысын түсіндіру
Бағалау критерийлері:	• VI-IX ғғ. кем дегенде 4 ортағасырлық мемлекеттерді, олардың өмір сүрген жылдарын, территориясын, негізін қалаушылары мен билеушілерін кестеде жүйелі түрде айқындай алады. • Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қағанаттарының территориясы мен астанасын контур картада жүйелі айқындай алады. • Бумын, Үшлік және Сұлу қағандарының сыртқы саясатына баға бере алады. • Көне түркі жазбаларының тарихи маңыздылығын дәлелдей алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология • Халық • Консолидация • этносаяси бірлестік • этнос • этноним • ұлт • миграция • ассимиляция • әлеумет • әлеуметтік топ • ақсүйектер • қара сүйектер • мүліктік теңсіздік • жер иелену түрлері • қағанат • қаған • «он-оқ бұдын» Диалог пен жазылымға пайдалы сөз тіркестері: Түркі тайпаларының миграциясының себептері... ...деректің негізінде келесі қорытындыларды шығаруға болады... Келесі себептер/факторлар әлеуметтік/ экономикалық/ саяси/мәдени болып табылады. Келесі себептер/ факторлар қысқа мерзімді/ орта мерзімді/ ұзақ мерзімді болып келеді. Бірқатар факторлар келесі факторларға әсер етті, мысалы... Ең басты өзгерістер / жетістіктер болды... оған қарағанда маңыздырақ болды, өйткені... Бұл оқиға /өзгеріс маңызды болды / айтарлықтай, өйткені...
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» идеясына сәйкес мемлекет тәуелсіздігін бағалай білу, Отан тарихы мен Түркі империясы саясатын талдау барысында жүзеге асады.
Пәнаралық байланыстар:	География картамен жұмыс, қазақ әдебиеті ойын жинақтап эссе жазу.
АКТ қолдану дағдылары:	Бейнефильм, интерактивті тақтамен жұмыс.
Бастапқы білім:	Түрік тайпаларының миграциясының әсерін біледі. Баға береді. Ортағасырлық мемлекеттердің территориясын картадан көрсетеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Қызығушылықты ояту: (4мин.)	Б Ұйымдастыру сәті Өткен күн, кеше, - тарих, Келер күн, ертең, - сыр, Ал, бүгінгі күн – үлкен сый. 1) Өткен тақырыпты қайталау. Мұғалім өткен тақырыпты қайталау мақсатында 5 кілттік сөзді интерактивті тақтадан көрсетіп, өткенге шолу жасайды. 2) (БЫМ) Интерактивті тақтада көрсетілген суреттердің бір-бірімен байланысын табуы қажет. 3) Оқу мақсатымен таныстыру. Сабақтың тақырыбы, мақсаты мен оқу мақсаттарымен оқушыларға таныстырылады. 4) Мәтінмен жұмыс. Оқушылар ортағасырлық қағанаттар туралы ақпаратты оқып, кесте толтырады. Дескриптор 1. VI-IX ғғ. мемлекеттерді, олардың өмір сүрген жылдарын, территориясын, негізін қалаушылары мен билеушілерін кестеде жүйелі түрде айқындай алады. 2. Орта ғасырларда өмір сүрген мемлекеттердің өзара сабақтастығын ажыратып көрсетеді.	
Мағынаны тану: (27мин.)	5) Картамен жұмыс. Оқушылар кескін картаға ортағасырлық қағанаттарды түсіреді.  Бағалау критерийлері: 1. Батыс Түрік қағанаты территориясы мен астанасын айқындай алады 2. Түргеш мемлекетінің территориясы мен астанасын көрсете алады. 3. Қарлұқ қағанатының территориясы мен астанасын айқындай алады. 6) Мәтінмен жұмыс. Оқушыларға Бумын, Сұлу, Үшлік, Тон қағандар туралы төрт бөліктен тұратын мәтін таратылады. Мұғалімнің нұсқаулығымен 2 мин ішінде бір бөлікті оқып, интерактивті тақтада сұраққа жауап береді. Оқушылар 4 мәтінді игереді. Image not found or type unknown 6) Т/Ж. Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топ өзінің қағаны туралы мынадай кестені толтырады. 7) Бейне көрсетілім. Мұғалім оқушыларға Көне түркі жазбалар туралы бейне көрсетілім көрсетіледі. Түртіп алу стратегиясы ☐ Видеороликті көріп отырып, сұраққа жауап жазу ☐ 1. 1893 жылы Күлтегін жырын кім ашты? ☐ 2. Ең алғашқы ашылған құпия сөздерді ата ☐ 3. Бұл ескерткіштер қай билеушілердің құрметіне арналған? ☐ 4. Күлтегін батыр туралы жыр авторы ☐ 5. Күлтегін жыры қанша топтамадан тұрады? ☐ 6. Әр топтаманың қандай элементтері бар? 8) Суреттер сөйлейді. Мұғалім интерактивті тақтадан оқушыларға суреттер тізбегін көрсетеді. Оқушы сол суреттердің біреуін таңдап, екі сұраққа жауап береді.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ой-толғау: (5мин.)	Қорытынды Сабақтың мақсатына қол жеткізу нәтижесі	
Рефлексия: (4мин.)	РЕФЛЕКСИЯ МЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС «ҮЛКЕН ШЕҢБЕР» ТӘСІЛІ Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? Сабақта қандай қиындықтар туындады? Бағалау. Мұғалім оқушыларға оқу мақсатына жеткенің немесе жетпегенін айтады.	
Үй тапсырмасы: (2 мин)	Эссе «Түркі империясының мұрагерлері». (200-300 сөз).	